# Астана қаласында "Жаңа университет" ғылыми-білім беру кешенін құру жөніндегі желілік кестені бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 400-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі N 123-ө Өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2010.09.01 N 123-ө Өкімімен.

"Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысын орындау үшін:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында "Жаңа университет" ғылыми-білім беру кешенін құру жөніндегі желілік кесте (бұдан әрі - кесте) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар кестені тиісінше және уақтылы орындауды қамтамасыз етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 29 желтоқсандағы
N 400-ө өкімімен
бекітілген

## Астана қаласында "Жаңа университет" ғылыми-білім беру кешенін құру жобасының желілік кестесі

| Р / с N | Іс-шаралар және іске асыру кезеңдері | Жауапты орындаушылар | Орындалу мерзімдері | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Ұйымдастырушылық іс-шаралар** | | | | |
| | 1. Ғылыми-білім беру кеше-нін салу бойынша тапсырыс берушінің функциясын және оның дирекциясының функ- | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | циясын жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғам құру (бұдан әрі - тапсырыс беруші, акционерлік қоғам) | Астана қаласының әкімдігі | 2008 жылғы қаңтар-ақпан | |
| | 2. Университетті құру және оның жұмыс істеу идеологиясын қарай отырып, семинар өткізу | БҒМ, Астана қаласының әкімдігі, акционерлік қоғам | 2008 жылғы наурыз | |
| **2. Құрылысты бастауға арналған дайындық іс-шаралары** | | | | |
| 2. | 1. Заңнамада белгіленген тәртіппен жаңа университетті салу үшін жер учаскелерін алып қою жөніндегі іс-шаралар | Астана қаласының әкімдігі, акционерлік қоғам, мердігер | 2007 жылғы IV тоқсан - 2008 жылғы I тоқсан | |
| | 2. Техникалық шарттарды қамтамасыз ету үшін мердігердің жүктеме ұсынуы | Астана қаласының әкімдігі, мердігер | 2007 жылғы IV тоқсан | |
| | 3. Техникалық шарттарды беру | Астана қаласының әкімдігі, мердігер | 2007 жылғы IV тоқсан | |
| **3. Бірінші кезектегі құрылыс бойынша жобалау-іздестіру жұмыстары (1, 2-кезеңдер)** | | | | |
| | 1. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жобалаушыны айқындау | Акционерлік қоғам | 2007 жылғы IV тоқсан | Акционерлік қоғамның 1-ші кезектегі |
| | 2. Бірінші кезектегі құрылысты және құрылыс жүргізудің бас жоспарының нобайлық жобасын әзірлеу | Астана қаласының әкімдігі, жобалаушы | 2007 жылғы IV тоқсан | |
| | 3. Бірінші кезектегі құрылысты және құрылыс жүргізудің бас жоспарының нобайлық жобасын Қала құрылысы кеңесінде бекіту | Астана қаласының әкімдігі | 2007 жылғы IV тоқсан | |
| | 4. Геодезиялық және инженерлік-геологиялық іздестірулер | Астана қаласының әкімдігі, жобалаушы | 2007 жылғы IV тоқсан | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | 5. Бірінші кезектегі құрылыстың жұмыс жобасын әзірлеу | Астана қаласының әкімдігі, жобалаушы | 2007 жылғы IV тоқсан - 2008 жылғы қаңтар | құрылыстың жобалау-сметалық құжаттама-сын ұсынуы бойынша |
| | 6. Жұмыс жобасын тапсырыс берушімен келісу | Астана қаласының әкімдігі, жобалаушы | 2007 жылғы IV тоқсан - 2008 жылғы I тоқсан | |
| | 7. Бірінші кезектегі құрылыстың жұмыс жобасын мемлекеттік сараптамадан өткізу | Астана қаласының әкімдігі, жобалаушы | 2008 жылғы ақпан - наурыз | |
| | 8. ҚР ИСМ-нің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шар-уашылық істері комитетінің жұмыс жобасын (кезең-ке-зеңмен: нөлдік цикл, ғима-рат және құрылыс қаңқасы, жалпы сараптама) бекітуі | ҚР ИСМ, жобалаушы | 2008 жылғы наурыз - сәуір | |
| **4. Университеттің бірінші кезегін салу (1, 2-кезеңдер)** | | | | |
| 4. | 4.1. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес құрылыс мердігерін айқындау | Акционерлік қоғам | Белгіленген тәртіппен жобалау-сметалық құжаттаманы бекіткеннен кейін | |
| | 4.2. Жұмыстардың атауы:<br>1) Қазу және көму жұмыста-ры<br>2) Қадалар қағу<br>3) Нөлдік цикл<br>4) Бетондық жұмыстар<br>5) Оқшаулау жұмыстары<br>6) Қасбеттік жұмыстар<br>7) Әрлеу жұмыстары<br>8) Механика жөніндегі жұмыстар<br>9) Электр жөніндегі жұмыстар<br>10) Лифтілер орнату және жөндеу<br>11) Аббаттандыру жөніндегі сыртқы жұмыстар<br>12) Тапсырыс берушінің объектіні қабылдауы | Астана қаласының әкімдігі, мердігер | 2008 жылғы наурыз - 2008 жылғы тамыз | |
| | Қаржыландырудың 1-кезеңі | ҚР БҒМ, Астана қаласының әкімдігі, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | акционерлік қоғам, мердігер | 2008 жылғы қыркүйек | |
| | Қаржыландырудың 2-кезеңі | ҚР БҒМ, Астана қаласының әкімдігі, акционерлік қоғам, мердігер | 2009 жылғы қыркүйек | |
| **5. Бірінші кезекті материалдық-техникалық жарақтандыру (1, 2-кезеңдер)** | | | | |
| 5. | 1. Материалдық-техникалық жарақтандыруға және зертханалық жабдыққа арналған техникалық тапсырманы әзірлеу | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2007 жылғы IV тоқсан | |
| | 2. Қажетті жабдықтарды сатып алу:<br>1-кезең<br>2-кезең | Акционерлік қоғам, мердігер | 2008 жылғы мамыр<br>2009 жылғы мамыр | |
| | 3. Жабдықтарды орнату:<br>1-кезең<br>2-кезең | Акционерлік қоғам, мердігер | 2008 жылғы тамыз<br>2009 жылғы тамыз | |
| | 4. Жабдықтарды тестілеу және сертификаттау:<br>1-кезең<br>2-кезең | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ, мердігер | 2008 жылғы тамыз<br>2009 жылғы тамыз | |
| | 5. Тапсырыс берушінің бекітуі және қабылдауы:<br>1-кезең<br>2-кезең | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ, мердігер | 2008 жылғы тамыз<br>2009 жылғы қыркүйек | |
| **6. Оқу-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз ету** | | | | |
| | 1. Шетелдік әріптестермен кадрларды бірлесіп даярлау және оқытушылар алмасу жөнінде шарттар жасасу | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2008 жылғы қаңтар | |
| | 2. Жасалған шарттар шеңберінде "Жаңа университет" ғылыми-білім беру кешені үшін оқытушылардың шетелде біліктілігін арттыру және қайта даярлау | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2008 жылғы қаңтар - үнемі | |
| | 3. Жасалған шарттар шеңберінде "Жаңа университет" | | | 1, 2, 3, 4, 5-тармақтар акционерлік қо- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | ғылыми-білім беру кешеніне визитинг-профессорлар шақыру | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2008 жылғы қыркүйек - үнемі | ғам қаражатының есебінен |
| | 4. Жасалған шарттар шеңберінде бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларын (мамандықтар мен оқу бағдарламаларының стандарттарын) әзірлеу | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2008 жылғы қаңтар - сәуір | |
| | 5. Университетті кадрлық қамтамасыз ету мәселесін пысықтау | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2008 жылғы қаңтар - тамыз | |
| | 6. Ғылыми-білім беру кешенінде окыту бойынша 2008/2009 оқу жылына арналған мемлекеттік білім тапсырысын орналастыру жөнінде ұсыныстар енгізу | ҚР БҒМ | 2008 жылғы сәуір | 6-тармақ іске асыру процесінде қосымша нақтыланатын болады |
| 7. | Университеттің екінші кезегін салу жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстары | Мердігер | 2008 жылғы қаңтар - шілде | 9, 10, 13, 14, 17, 18-тармақтар акционерлік қоғам қаражатының есебінен |
| 8. | Университеттің екінші кезегін салу | Мердігер | 2008 жылғы қыркүйек - 2009 жылғы тамыз | |
| 9. | Материалдық-техникалық жарақтандыру | Мердігер, акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2008 жылғы қараша - 2009 жылғы тамыз | |
| 10. | Оқу-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз ету | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2009 жылғы қаңтар - тамыз | |
| 11. | Университеттің үшінші кезегін салу жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстары | мердігер | 2009 жылғы қаңтар - мамыр | |
| 12. | Университеттің үшінші кезегін салу | мердігер | 2009 жылғы қыркүйек - 2010 жылғы тамыз | |
| 13. | Материалдық-техникалық жарақтандыру | Мердігер, акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2009 жылғы қараша - 2010 жылғы тамыз | |
| 14. | Оқу-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз ету | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2010 жылғы қаңтар - тамыз | |
| 15. | Университеттің төртінші кезегін салу жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстары | Мердігер | 2010 жылғы қаңтар - мамыр | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16. | Университеттің төртінші кезегін салу | Мердігер | 2010 жылғы қыркүйек - 2011 жылғы тамыз | |
| 17. | Материалдық-техникалық жарақтандыру | Мердігер, акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2010 жылғы қараша - 2011 жылғы тамыз | |
| 18. | Оку-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз ету | Акционерлік қоғам, ҚР БҒМ | 2008 жылғы қаңтар - 2011 жылғы тамыз | |

**Ескертпе:**

Желілік кестені іске асыру үшін қажетті қаражат қолданыстағы бюджет заңнамасы шеңберінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде айқындалады және нақтыланады.

ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК